

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫҢ ТҮСІНІКТЕРІ, САТЫЛАРЫ, БАҒАЛАНУЫ ЖӘНЕ ТАЛДАНУЫ

Примжанова А.А., аға оқытушы, amina.abutalipovna@mail.ru

Ахметова Г.Я., аға оқытушы, gulnaz270183@mail.ru

Еримбетова Б.А., экономика ғылымдарының магистрі, e.bekzat91@mail.ru

Раимбекова И.И., студент, raimbekova.indi06@gmail.com

Қызылорда ашық университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

Аннотация. Инновациялық жобалардың тиімділігін бағалау – нақты инвестицияларды басқару үдерісіндегі маңызды кезеңдердің бірі. Түпкілікті шешім қабылдаудың дұрыстығы осындай бағалаудың қаншалықты сапалы орындалғанына байланысты. Жобаның тиімділігін бағалау барысында шынайы нәтижелер алу үшін инвестициялардың келтірген пайдаларын бағалау төлемдер мен жобалардың дисконтталған ағынын талдауды пайдаланады.

Кілт сөздер. Инновация, әлеуметтік-экономикалық тиімділік, жобаның өміршеңдігі ұйымдастырушылық талдау.

Кіріспе. Инновациялық жоба – ол қаражатты іске асыру және оларды инвестициялық нысандарға: ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық, құрылыс-құрастыру, сынау, іске қосу-реттеу, қабылдау-тапсыру, ұйымдастырушылық-құқықтық, жарнамалық-рәсімдеушілік және ақпараттық жұмыстар мен қызметтер түрінде айналдыру, ойға алған әлеуметтік-экономикалық тиімділікке қол жеткізу мақсатында іс жүзіне асыру бойынша техникалық-экономикалық шешімдер мен ұйымдастырушылық-қаржылық іс-әрекеттердің жиынтығы.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу нәтижесінде инновациялық жобаны табысты іске асыру үшін ең алдымен оның ғылыми негізделуі, экономикалық тиімділігі мен әлеуметтік маңыздылығын дәлелдеу қажет екені анықталды. Инновациялық жоба сатылары – идеяның пайда болуынан бастап, оны коммерцияландыру мен қоғам игілігіне ұсынуға дейінгі кешенді процесс екендігін көрсетті.

Нәтижелер және оларды талқылау. Инновациялық жобалардың жаһандық әлемдік, мемлекетаралық, мемлекеттік, аймақтық және муниципалдық сипаты болуы мүмкін.

Нақты инновациялық жобаны сипаттайтын келесідей төрт белгі бар:

- мақсатқа жетуге бағыттылық;
- өзара байланысты іс- әрекеттердің үйлесімді орындалуы;
- уақыт ішіндегі шектеулі ұзақтық;
- шынайылық (бірегейлік).

Инновациялық жобаның өміршеңдік кезеңі төмендегі сатыларды қамтиды:

- жобаны тұжырымдау;
- жобаны талдау;
- жобаны әзірлеу;
- жобаны іске асыру;
- алынған нәтижелерді бағалау.


Жобаны тұжырымдау – ол кез-келген инновациялық жобаның неден басталатындығы.

Жобаның өмір сүру кезеңінің басында төмендегілер қаралады:

- инновациялық ой (идея);
- іске асырылатын тәсіл (патенттік және басқадай);
- ұсынылып отырған техникалық-технологиялық шешімнің қайталанбауы;
- инновациялық ойдың аймақтық, жергілікті мүдделерімен және салалық басымдылықтар мен алдын ала келісуі;

- жобаның жүзеге асыруға тетіктерді іріктеп тандау [1, б.74].

Жобалық талдау – жобалардың жетістіктері мен кемшіліктерін, ресурстардың макро және микроэкономикалық салаларын есепке ала отырып, олардың пайдаланудың балама жолдарын жан-жақты бағалау әдістемесі.



1-сурет – Жобалық талдаудың түрлері

Техникалық талдау – нысанның орналасуы мүмкін орны мен ауқымын, пайдаланылатын технологиялық үдерістер, тұрпаттарын, материалдарды, құрал-саймандар мен жабдықтарды; жұмыстар кестесін, капитал мен жұмыс күшінің бар болуын қажетті инфрақұрылымды, инвестициялық жобаны іске асырудың әдістерін, пайдаланылуын және көрсететін қызметтерін зерттеу. Жобалық талдау төменгі 1 суретте көрсетілген маңызды бағыттар бойынша жүргізіледі:

Экономикалық талдау-алынатын пайда мен шығарылған шығындар, яғни ұлттық, аймақтық және жергілікті мүдделерге қатысты оның тиімділігі тұрғысынан алғанда, инновациялық жобаның құндылықтарын анықтау.

Ұйымдастырушылық талдау-әкімшілік қызметкерлердің инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі барлық міндеттерді табысты шешуге құзыреттілігі мен қабілетін анықтау.

Әлеуметтік талдау – инновациялық жобаның қоғамдық қатынастардың өзгерісіне, әлеуметтік саланың дамуына, психологиялық ахуалға және адамдардың мінез-құлықтары мен іс-әрекеттеріне ықпал етуін анықтау.

- Қаржылық талдау – инновациялық жобаны белгіленген мерзімдерде жүзеге асыру үшін, инновациялық ресурстардың жеткіліктілігін негіздеу, пайдалар мен шығындардың қорытындысында алынатын кірістер мен шығыстардың шамамен алынған теңгерімін дайындау [2, б.85].

Экологиялық талдау – болып тұратын табиғат жағдайларын және инновациялық жобаның қоршаған ортаға әлеуетті әсерін қарау, болуы мүмкін әртүрлі экологиялық зардаптарды болжау. Осындай жан-жақты және егжей-тегжейлі талдау ғана қаралып жатқан жобаны тұтастай шынайы бағалау үшін алғышарттар тудырады.

Жобаны әзірлеу – ғылыми-зерттеу әзірлемелерін және конструкторлық-технологиялық жұмыстардың іске асырылуы, қажетті құжаттама мен теңдерлік сауда-саттық дайындау, әлеуетті инвесторлармен келіссөздер жүргізу, өнім әзірлеушілер мен берушілерді анықтау.

Қазіргі заманғы инновациялық жобалар шығындар бойынша күрделі және сыйымды болып бара жатыр, ең бір жетілген технологияларды жасауға және игеруге, әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызметтерді өндіруге бағытталушылығымен ерекшеленеді.

Инновациялық жобаларды әзірлеу барысында әрекет етуші факторларды есепке алуға, жобаның нақты негіздемесін құруға мүмкіндік беретін бірқатар ережелерді басшылыққа алу қажет. Оларға төмендегілер жатқызылады:

- өнімнің, ресурстардың және ақшалай қаражаттың ағындарын міндетті түрде модельдеу;
- нарыққа жасалған талдаудың нәтижелерін, мердігердің (қосалқы мердігердің) қаржылық жай-күйін, жоба басшыларына сенім арту дәрежесін есепке алу;
- алда тұрған шығыстар мен кірістерді олардың экономикалық құндылығының бастапқы кезеңдегі мөлшерлестігі жағдайларына келтіру;
- инфляцияны, төлемдердің болуы мүмкін кешіктірілулерін және салынатын қаражат құны өзгеруінің басқа да факторларын бағалау;
- жобаның іске асырылуына байланысты айқынсыздық пен тәуекелдіктерді анықтау.
- Жобаны іске асыру – жобалық-іздену, құрылыс-құрастыру және реттеу жұмыстарын орындау, қызметкерлерді оқыту, шикізат пен материалдар, жинақтаушы бұйымдар мен энергия көздерін беруге келісім-шарттар жасасу, тәжірибе үшін өнімдерді топтап және сериялы шығару, бұйымдарды сынақтан өткізу, жобаны пайдалану және оның мониторингі [3, б.110].
- Инновациялық жобалардың тиімділігін бағалау – нақты инвестицияларды басқару үдерісіндегі маңызды кезеңдердің бірі. Түпкілікті шешім қабылдаудың дұрыстығы осындай бағалаудың қаншалықты сапалы орындалғанына байланысты. Жобаның тиімділігін бағалау барысында шынайы нәтижелер алу үшін төмендегі факторлар ескерілуге тиіс:
- инновациялық жобалардың тиімділігін бағалау – инвестициялық шығындардың көлемін, сондай-ақ жоспарланып отырған пайданың (табыстың) сомалары мен инвестициялық капиталдың өтелімділігі мерзімдерін салғастыру негізінде орындалуы керек;
- инвестициялық шығындар көлемін бағалау жобаны іске асыру барысында жұмылдырылған барлық пайдаланылатын ресурстарды қамтуға тиіс;

Инновациялық жобаларды бағалауды көрнекі түрде төмендегі 2 суретте көрсетуге болады:



2-сурет – Инновациялық жобалардың бағасы

- капитал салымдарының табыстылығын бағалау өндірістің әртүрлі деңгейлерінде активтерді пайдаланудың тиімділігіне сай болуы қажет;
- инвестициялардың келтірген пайдаларын бағалау төлемдер мен жобалардың дисконтталған ағынын талдауды пайдаланады [4, 94-б].

Қорытынды. Инновациялық жобалардың дамуы елдің экономикалық бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, ғылыми-техникалық прогрестің жеделдеуіне және қоғамның өмір сүру сапасының жақсаруына ықпал етеді. Сондықтан инновациялық жобаларды басқару мен бағалау мәдениетін қалыптастыру – қазіргі заманғы даму стратегиясының басты бағыттарының бірі болып саналады.

Әдебиеттер

1. Әбдірахманова, Г.Т. Инновациялық менеджмент. – Алматы: Экономика, 2021.
2. Есқалиева, С.М. Инновациялық жобаларды басқару. – Астана, 2020.
3. Нұрпейісова, А.С. Инновациялық қызмет және оны бағалау әдістері. – Алматы: Білім, 2022.
4. Дүйсенбаева, А.Н. Кәсіпорын экономикасы және инновациялық даму. – Алматы: Экономика, 2018.

МРНТИ 68.01:15.31.35:20.53

УДК 374.3:63:004

**НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ПЛАТФОРМЕННОЙ ЗАНЯТОСТИ СЕЛЬСКОЙ МОЛОДЕЖИ
В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ**

Шураева С.Н., кандидат экономических наук., shuraeeva@mail.ru
Лим В., студент, Lim.vikgoria07@gmail.com

Қызылординский открытый университет, г. Кызылорда, Казахстан

Аннотация. В статье рассмотрены современное состояние цифровой экономики в Казахстане, выявлены проблемы и возможности для вовлечения сельской молодежи в цифровую трансформацию, а также предложены рекомендации по усилению этого процесса.

Ключевые слова. Цифровая экономика, цифровая трансформация, сельская молодежь, сельские территории, новые технологии.

Введение. Цифровая экономика является одной из ключевых движущих сил современного развития общества. Она формирует новые формы занятости, трансформирует рынок труда и повышает конкурентоспособность стран на мировой арене. Для Казахстана, где значительная часть населения проживает в сельской местности, особую актуальность приобретает вопрос вовлечения наиболее уязвимых, но перспективных групп, то есть сельской молодежи в цифровые процессы. Без активного участия молодых людей из регионов переход к цифровому обществу будет неполным и неравномерным.

Материалы и методы исследования. Основные методы научного исследования: аналитический, систематизации, накопления и отбора фактов, установления связей между ними.

Результаты и их анализ.

Сегодня Казахстан активно продвигает цифровизацию через программы «Цифровой Казахстан», «Национальный проект по развитию IT-сферы» и инициативы по развитию egov, SmartCity, AgroTech.

Надо отметить, что Президент страны в своем обращении особо подчеркнул стратегическое значение сельского хозяйства. Казахстан как аграрная страна должна не только обеспечивать внутренний рынок качественными продуктами питания, но и быть конкурентоспособным в мировом экспорте [1].

А значит, внедрение искусственного интеллекта и цифровых технологий в сфере сельского хозяйства стало одним из главных задач. Данное направление способно повысить эффективность агропромышленного комплекса и придать новый импульс развитию сельских регионов.

Цель данного исследования – рассмотреть современное состояние цифровой экономики в Казахстане, выявить проблемы и возможности для вовлечения сельской